

## Жамбыл облысының агроенеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 04 шілдедегі № 208 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 08 шілдеде № 3124 болып тіркелді РҚАО-ның ескертпесі.

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына және "Агроенеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Жамбыл облысының агроенеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.
2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға баспа басылымдарына жіберуді;
  - 3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
  - 4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Нұралиевке жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы жариялаған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

*K. Көкрембаев*

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2016 жылғы 04 шілдедегі №208  
қаулысымен бекітілген

## Жамбыл облысының агроенеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Жамбыл облысының агроОнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді үйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына және "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген және Жамбыл облысында агроОнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді үйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесідей ұфымдар пайдаланылады:

1) агроОнеркәсіптік кешен – ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы өнімдерін өндіруді, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды, қайта өндеуді және өткізууді, сондай-ақ тамақ өнеркәсібін, оларды қазіргі заманғы техникамен, технологиялық жабдықпен, ақшамен, ақпараттық және басқа да ресурстармен қамтамасыз ететін ілеспе өндірістер мен қызмет салаларын, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, ғылыми қамтамасыз ету мен кадрлар даярлауды қамтитын экономика салаларының жиынтығы;

2) агроОнеркәсіптік кешен субъектілері – агроОнеркәсіптік кешенде қызметін жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар;

3) бағдарлама – "Инновациялық тәжірибелі тарату және енгізу жөніндегі қызметтер " 019 бюджеттік бағдарламасы;

4) бюджеттік бағдарлама әкімшісі – Қазақстан Республикасының белгіленген заннамасымен облыстың агроОнеркәсіптік кешен субъектілері инновациялық тәжірибелі тарату және енгізу бойынша бюджеттік бағдарламаны басқару қызметі жүктелген агроОнеркәсіптік кешен субъектілері саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша атқарушы орган (бұдан әрі - Бағдарлама әкімшісі);

5) инновация – экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында, экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып, жаңа немесе жетілдірілген өндірістер, технологиилар, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер, техникалық, өндірістік, әкімшілік, коммерциялық сипаттағы үйымдастырушылық шешімдер, сондай-ақ өзге де қоғамдық пайdasы бар нәтиже түрінде іс жүзіне асырылған жеке және (немесе) занды тұлғалар қызметінің нәтижесі;

6) инновациялық жобаны іске асыру бойынша іс-шара – жергілікті бюджет қаражаты есебінен Жамбыл облысының агроОнеркәсіптік кешен субъектілері инновациялық жобаларды енгізу бойынша іс-шаралар кешені (бұдан әрі - іс-шара);

7) өтінім – осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қажетті құжаттар қоса берілген белгіленген үлгідегі өтініш;

8) өтінім беруші – Бағдарлама әкімшісіне өтінімді берген, осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін жеке немесе занды тұлға.

3. Инновациялық жобаларды іріктеу агроОнеркәсіптік кешен субъектілері мына

салалық бағыттары бойынша іске асырылады:

- 1) өсімдік шаруашылығы (оның ішінде өсімдіктерді қорғау және карантин);
- 2) мал шаруашылығы және ветеринария;
- 3) ауыл шаруашылығын механизациялау;
- 4) ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндіру.

Аймақтың агроОнеркәсіптік кешен субъектілері саласының қажеттіліктеріне орай іс-шараларды сәйкестендіру мақсатында әр саланың ішкі бағыттарынан басым бағыттар анықталып, солардың аясында іріктеулер жүргізіледі.

## **2. Инновациялық жобаларды іріктеу тәртібі**

4. Бағдарлама әкімшісі конкурс өткізу басталғанға дейін он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурсында іс-шараларының өтінім берушілер арасында іріктеу жүргізілетіндігі туралы хабарландыру жариялайды.

Хабарландыруда өтінімдерді тапсыру мерзіміне қосымша ақпараттар алу үшін Бағдарлама әкімшісінің байланыс ақпараты қорсетіледі.

5. Инновациялық жобаларды іріктеуге қатысу үшін Бағдарлама әкімшісіне өтінім берушілер мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінім;
- 2) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес инновациялық жобаның іс-шараларына түсіндірме жазба;
- 3) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес инновациялық жобаның іс-шараларын іске асыру жоспары;
- 4) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес инновациялық жобаның іс-шараларын іске асыру шығындарының сметасы;
- 5) инновациялық жобаларды іске асыруға қатысатын өтінім берушілердің мамандарының түйіндемесі;
- 6) өтінім берушінің аграрлық бағытта ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жұмыстарды орындауға біліктілігін растайтын лицензиялардың, патенттердің, қуәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың және басқа да құжаттардың нотариалды қуәланырылған көшірмесі немесе салыстыру үшін міндетті түрде құжаттардың түпнұсқасы;
- 7) занды тұлғалар үшін:

занды тұлғаның нотариалды қуәланырылған құрылтай құжаттарының (жарғының және құрылтай шартының) көшірмелері немесе салыстыру үшін міндетті түрде құжаттардың түпнұсқасы;

занды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) жөнінде, белгілеген нысан бойынша тіркеуші орган беретін анықтаманың немесе қуәліктің түпнұсқасы; салық берешегінің, міндетті зейнетақы журналары және әлеуметтік аударымдар

бойынша берешектің жоқ екендігі туралы тиісті салық органының белгіленген үлгідегі түпнұсқа анықтamasы (Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес төлем төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда);

өтінім берушінің банктің немесе банк филиалының, соның ішінде шетелдік банктердің алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылып келе жатқан мерзімі өткен берешегінің болмауы туралы өтінім берушіге қызмет көрсетілетін банктердің немесе банк филиалдарының қолы мен мөртаңбасы бар анықтаманың түпнұсқасы. Анықтама өтінім берілген сәтке бір айдан асырылмай берілген болуға тиіс;

ғылыми-зерттеу ұйымын аккредитациялау туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе салыстыру үшін міндетті түрде құжаттың түпнұсқасы;

8) жеке тұлғалар үшін:

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе салыстыру үшін міндетті түрде құжаттардың түпнұсқасы;

салық төлеушінің салықтық қарызының бар-жоқтығы туралы салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы.

6. Осы Қағидалардың талаптарына сәйкес рәсімделген, іріктеуге қатысуға арналған құжаттарды өтінім беруші бірыңғай папкаға жинақтап, параптаратын нөмірлеп, мөр басылған конвертте ұсынады.

7. Өтінім беруші өзі берген құжаттардың, бастапқы деректердің, есептесулердің, негіздемелердің толықтығы мен нақтылығын қамтамасыз етеді.

8. Өтінімдерді қабылдау мерзімі өткен соң, бес жұмыс күні ішінде Бағдарлама әкімшісімен өтініштерді алдын-ала іріктеу жүргізіледі.

Алдын-ала іріктеу мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) ұсынылған ақпараттардың толықтығы, оның осы Қағидалардың талаптарына сай болуы;

2) іс-шаралардың өнірдегі агроенеркәсіптік кешен субъектілері дамытудың басым бағыттарына сай келуі.

9. Өтінім мына жағдайда бас тартылады, егер:

1) өтінім беруші ақпараттарды толық емес, дәйексіз ұсынса немесе өтінім құжаттары осы Қағидалардың талаптарына сәйкес рәсімделмесе;

2) инновациялық жоба іске асырылатын орын облыс аумағынан тыс жерде орналасқан болса;

3) өтінілген іс-шара облыстың агроенеркәсіптік кешен субъектілері дамуының басым бағытына жатпаса;

4) өтінім беруші – агроенеркәсіптік кешен субъектілері субъектісі бұрын инновациялық жоба шеңберінде қаржы алған, бірақ іс-шараларын іске асыру барысы

қанағаттанарлық емес деп танылған болса.

10. Өтінім қабылданбаған жағдайда тапсырылған құжаттар өтінім берушіге негізdemесі көрсетіле отырып қайтарылады.

### **3. Комиссия туралы ереже, оның қызметін үйымдастыру**

11. Бағдарлама әкімшісі облыс әкімдігінің қаулысымен бекітіletіn, құрамына мүдделі жергілікті атқарушы органдардың, жергілікті өкілді органдардың (келісім бойынша), тәуелсіз сарапшылардың (келісім бойынша) өкілдерін енгізіп, инновациялық жобаларды іріктеу жөніндегі комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) құрады

12. Комиссия тұрақты қызмет жасайтын коллегиялық орган болып табылады. Комиссия өзінің жұмысын ашықтық, жариялыштық және алқалық ұстанымында үйымдастырады. Комиссияның жалпы құрамы кемінде бес адамды құрайды.

13. Бағдарлама әкімшісі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

14. Комиссия отырысының өтетін күні жөнінде өтінім берушіні хабардар ету, отырыстың күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен қажетті құжаттарды дайындау және отырыс өткеннен кейін хаттамасын рәсімдеуді Комиссия хатшысы жүзеге асырады.

15. Комиссияның отырысы оның жалпы санының үштен екісі болғанда құқылы. Комиссия шешімі ашық дауыспен қабылданады және комиссия мүшелері жалпы санының көпшілігі дауыс бергенде қабылданған болып есептеледі. Дауыстар тен болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып есептеледі.

### **4. Өтінімдерге кешенді баға беру және іріктеу**

16. Комиссия өтінімдері алдын-ала іріктеуден өткен инновациялық жобалар бойынша өтінімдерге кешенді бағалау жүргізуі қамтамасыз етеді. Комиссия кешенді бағалауды мынадай критерийлер бойынша жүргізеді:

- 1) сұралатын қаржыландырудың негізділігі;
- 2) өтінімнің қаржыны жұмсау бағыттарының, қаржыландыру көлемінің және басқа да параметрлерінің осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі;
- 3) іс-шаралардың өнірдің агроөнеркәсіптік кешен субъектілері дамуына және еңбек өнімділігінің деңгейіне ықпалының дәрежесі;
- 4) өтінім берушілердің құқықтық мәртебесінің, төлем қабілеттілігінің осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі;
- 5) өтінім берушілердің біліктілігі мен техникалық жарақтандырылуының іс-шаралардың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі.

17. Өтінімді кешенді бағалау жүргізу барысында комиссия өтінім берушілерден түсініктеме беретін ақпарат сұратуға, бағалауды сапалы жүргізуі қамтамасыз ету мақсатында қажет болған кезде, тиісті біліктілігі бар басқа мамандарды тартуға құқылы

. Өтінімдерді кешенді бағалау және іріктеу он жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

18. Өтінімдері кешенді бағалаудың теріс қорытындысын алған өтінім берушілерге, Бағдарлама әкімшісі Комиссияның тиісті хаттамалық шешімі қабылданғаннан кейінгі бес жұмыс күні ішінде, бас тарту себептерін көрсете отырып, ресми хат жолдайды.

19. Комиссияның қаржы беру туралы оң шешімі Бағдарлама әкімшісі үшін іс-шараларға бөлінген қаржы есебінен қаржыландыруға негіз болып табылады.

20. Бағдарламаның әкімшісі инновациялық жобаны қаржыландыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде инновациялық жоба туралы шарт жобасына қол қояды және конкурс женімпазына жолдайды. Инновациялық жоба туралы шарт жасау мерзімі, жобаны конкурс женімпазына жіберген күннен бастап, он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

## 5. Қаржыландыру және қаржыны игеру

21. Қаржы конкурс женімпазына іс-шараларды іске асыру жоспарына сәйкес төленеді. Төлем тәртібі және нысаны шарттың талаптарымен қарастырылады.

22. Қаржы қатаң түрде шартта қарастырылған нысаналы мақсатқа сәйкес пайдаланылады.

23. Конкурс женімпазы іс-шаралары төлемдерінің бухгалтерлік есебін жүргізуді қамтамасыз етуге міндettі.

24. Қаржылар инновациялық жобаға қатысушы тараптардың бұрыннан бар салықтық берешектерін жабуға пайдаланылмайды.

25. Негізгі құрал-жабдықтарын, ауыл шаруашылығы жануарларын, генетикалық материалдар, іс-шаралар нәтижелерін кеңінен таратуға арналған басқа шығыс материалдарын (жанар-жағармай материалдары, тұқымдық материал, қосалқы бөлшектер, басқалар) сатып алуға, ғимараттары мен құрылыштарын ұстауға байланысты шығындар іс-шараларды іске асыруға қатысушы агроенеркәсіптік кешен субъектілерінің жеке қаржылары есебінен жабылады.

26. Инновациялық жобаны іске асыру барысында жүзеге асырылған шығындардың іске асыру жоспарына, жоба бюджетіне сәйкестігін тексеру мақсатында Бағдарлама әкімшісі қажет болған жағдайда жергілікті атқарушы органның мүдделі уәкілетті органдарының мамандарын тарта отырып, ағымдағы қаржылық мониторинг жүргізуді жүзеге асырады. Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) ай сайынғы немесе тоқсан сайынғы актілерін өтінім беруші үш данада жасайды және Комиссиямен бекітіледі.

Іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу мақсатында қажет болған ретте, конкурс женімпазы жергілікті атқарушы органның уәкілетті органдары өкілдерінің іс-шаралар іске асырылып жатырған объектілерді кедергісіз қарауын

қамтамасыз етуге, сондай-ақ, олардың ресми сұрауы бойынша іс-шараларды іске асыруға тікелей қатысты барлық қажетті ақпаратты ұсынуға міндетті.

## 6. Қорытынды ережелер

27. Алынған бюджеттік қаржы мақсаттан тыс пайдаланған жағдайда, осы қаржы Қазақстан Республикасының заңнамаларымен айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады.

Жамбыл облысының  
агроөнеркәсіптік кешен  
саласында инновациялық  
жобаларды іріктеуді  
ұйымдастыру қағидаларына 1-  
қосымша

## Өтінім нысаны

1. Тіркеу нөмірі және күні (Бағдарлама әкімшісі қызметкерлерімен толтырылады)
2. Іс-шараның атауы
3. Инновациялық тәжірибелі тарату және енгізу саласы (кіші саласы)
4. Іс-шараның қысқаша сипаттамасы (жобаның негізгі мақсаты мен мәнін көрсету, жоба нәтижелерінің нақтылық қолданылуы, осындай жобаларды іске асыруға қатысу тәжірибесі)
5. Жобаның ұзақтығы (айлар бойынша)
6. Жобаның басталу және аяқталу күні
7. Сұралатын қаражаттың сомасы (тенгемен)
8. Өтінім берушінің атауы, мекенжайы, телефоны, факсы, электрондық поштасының мекенжайы
9. Өтінім берушінің байланыс тұлғасының тегі, аты, экесінің аты, мекенжайы, телефоны, электрондық поштасы
10. Инновациялық жобаның басшысы (ғылыми-зерттеу ұйымының қызметкери), (қызметі, телефон, факсы, электрондық поштасы көрсетіледі)
11. Инновациялық жобаны іске асыруға қатысушы агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің атауы, мекенжайы, телефон, факсы, электрондық поштасы

Жамбыл облысының  
агроөнеркәсіптік кешен  
саласында инновациялық  
жобаларды іріктеуді  
ұйымдастыру қағидаларына 2-  
қосымша

## Инновациялық жобаның іс-шараларына түсініктеме жазба

1. Инновациялық жобаны іске асыру бойынша іс-шараның атауы.
2. Іс-шараның іске асырылатын жері: елді мекен.
3. Іс-шараның мақсаты және міндеттері (1 беттен көп емес).
4. Негізгі өтінім берушінің (ғылыми-зерттеу ұйымының) және іс-шараларға қатысушы агроөнеркәсіптік кешен саласы субъектілерінің қысқаша сипаттамасы (0,5 беттен аспайды):

- 1) толық атаяу;
- 2) негізгі өтінім беруші мен іс-шараларға қатысушы агроОнеркәсіптік кешен субъектілері қызметтерінің сипаттамасы;
- 3) негізгі мамандар, олармен орындалатын жұмыс түрлері (түйіндеме және біліктілігін растайтын құжаттарын қоса);
- 4) осы іс-шара шеңберінде басқа жобаларды іске асырганы туралы ақпарат.

5. Іс-шараларды негіздеу: өндірістің осы сегментіндегі проблемалар, іс-шара қандай проблеманы шешуге бағытталатындығын көрсете отырып, іс-шараны іске асырудың маңыздылығы мен қажеттілігінің, оның өнірдің агроОнеркәсіптік кешен технологиялық дамыту деңгейіне және еңбек өнімділігіне ықпалының сипаттамасы (0,5 беттен көп емес).

6. Іс-шараларды іске асыру шеңберінде орындалатын негізгі жұмыстардың сипаттамасы: қандай жұмыстар атқарылады, өндірісте пайдалану үшін, жобаны орындау барысында тексеруден өткізу және көрсету үшін ұсынылатын нақты шешімдер мен технологиялар, нақты шаруашылық, аудан және облыс экономикасы үшін практикалық мәнін бағалау. Әрбір жұмыстың мақсаты, мазмұны, ұзақтығы, күтілетін нәтижелері, ресурстарға сұранысы, соның ішінде іс-шараларды іске асыруға қатысушы агроОнеркәсіптік кешен субъектісінің базасында ғылыми әзірлемені (технологияны) енгізу және тарату жөніндегі ғылыми-зерттеу ұйымының әдіснамасын келтіру қажет (2,5 беттен көп емес).

7. Нәтижелілігі: іс-шараның сандық және сапалық көрсеткіштері. Өтінім берушінің ұсыныстарында еңбек өнімділігін жақсартуға ықпал етуге нақты нәтижелер, өндіріс және аудан (облыс) экономикасына тиімділігі қамтылуы тиіс.

Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырудың экономикалық тиімділігін бұрын қолданылған технологиялармен салыстырып көрсету, облыстың агроОнеркәсіптік кешенін дамыту, аграрлық нарықтағы ахуал түрғысынан іс-шараның мақсаттылығын негіздеу қажет (1,5 беттен көп емес).

8. Экологиялық бағалау іс-шараны іске асырудың өнірдің қоршаған ортасына және табиғи ресурстарына әсерін (қанағаттандырлық, бейтарап немесе жағымсыз) қамтуы тиіс. Жағымсыз әсер еткен жағдайда мұндай әсерді женілдету үшін не істелетіндігі көрсетілуі қажет (0,5 беттен көп емес).

9. Тәуекелдер: іс-шараны табысты аяқтаудың негізгі тәуекелдері және мұндай тәуекелдерді женіп шығу шаралары (0,5 беттен көп емес).

10. Жобаның өмірге икемділігі: инновациялық жоба шеңберінде қаржыландыру аяқталғаннан кейін іс-шараны іске асыруға қатысушы агроОнеркәсіптік кешен субъектілері өндірісінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қабылданатын шараларды сипаттау қажет (0,5 беттен көп емес).

саласында инновациялық  
жобаларды іріктеуді  
ұйымдастыру қағидаларына 3-  
қосымша

## **Инновациялық жобаның іс-шараларын іске асыру жоспары (атауын көрсету керек)**

№	Жұмыс түрі	Күтілетін нәтижелер (1 жыл)			
		1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
1.					
2.					

№	Жұмыс түрі	Күтілетін нәтижелер (2 жыл)			
		1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
1.					
2.					

Жамбыл облысының  
агроенеркесіптік кешен  
саласында инновациялық  
жобаларды іріктеуді  
ұйымдастыру қағидаларына 4-  
қосымша

## **Инновациялық жобаның іс-шараларын іске асыру шығындарының сметасы (атауын көрсету керек)**

**МЫНДАУ**

№	Шығын баптары	Өлшем бірлігі	Бағасы	Құны	Соның ішінде айлар бойынша											
					1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	Еңбек ақы															
1.1.																
1.2.																
2.	Iс-сапар шығындары															
3.	Кенсе шығындары															
4.	Көлік шығындары															
5.	Басқа шығындар (көрсетілсін)															
5.1.																
5.2.																
6.	Тікелей шығындар жинағы															
7.	Қосымша шығындар															
<b>Барлығы:</b>																

Ескертпе: Iс-шараны әр жылдарда іске асыру бөлек көрсетіледі.

Ескертпе: Өтінім берушінің өз қаражатынан және бюджеттік қаражаттардан қаржыландыратын шығындар бөлек көрсетіледі (бар болғанда).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК